



**ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУ
ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ШАРТТАРЫН
ҚОЛДАНУҒА ҚАТЫСТЫ ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО
ПРИМЕНЕНИЮ ПРАВИЛ И УСЛОВИЙ
ПРОВЕДЕНИЯ АТТЕСТАЦИИ ПЕДАГОГОВ**

Құқықтық жұмыс, ЕҚЖЕҚ бөлімі

Астана, 2025

№83 «Аттестаттау ережелері мен шарттары» бұйрығындағы негізгі өзгерістер:

➤ Педагогтер аттестаттау рәсімінен өтеді:

- 1) «Ұстаз» педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы арқылы - «педагог-модератор», «педагог-сарапшы»;
- 2) Электрондық үкіметтің веб – порталы арқылы – қалған санаттағы педагогтер.

➤ Педагогтің білімін бағалау (бұдан әрі - ПББ) пәндік құзыреттіліктер бойынша өткізіледі (пәндік білім – 50 тапсырма).

➤ Педагогтің біліктілік санатының қолданылу мерзімі мынадай жағдайларда тоқтатылады және жұмысқа шыққаннан кейін екі жылдан аспайтын мерзімге сақталады:

- денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен әлеуметтік мәні бар және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар тізбесіне енгізілген аурулары бар болған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде;
- жүктілігі және босануы, бала күтімі жөніндегі демалыстан шыққаннан кейін, оның ішінде жана туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлер үшін ол үш жасқа толғанға дейін;
- өндірістен қол үзіп жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу немесе мамандық бойынша тағылымдамадан өту;
- әскери қызметті өткеру кезінде.

➤ Біліктілік санатының қолданылу мерзімі екі жылдан аспайтын мерзімге сақталады:

- педагог басқа білім беру ұйымына ауысқанда;
- педагог білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беруді басқару органдарынан, әдістемелік кабинеттерден (орталықтардан) немесе педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдарынан білім беру ұйымына ауысқанда.

❖ *Жұмысқа шыққаннан кейін педагог тиісті құжаттарды қоса бере отырып, біліктілік санатын сақтау туралы өтініш береді. Педагогтің өтініші негізінде білім беру ұйымының бірінші басшысы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде біліктілік санатын сақтау туралы бұйрық шығарады.*

➤ Келесі жағдайларда барлық лауазым педагогтері ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді жалпылаудан өтеді:

1) 30 (отыз) және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар педагогтер қолданыстағы жүйе бойынша бұрын берілген біліктілік санатын растаған кезде;

2) «педагог-модератор» санатына «бірінші» немесе «жоғары» санаты бар педагогтар ауысқан кезде;

3) «педагог-зерттеуші» және «педагог-шебер» санаттарын екі реттен артық емес растаған кезде.

«Педагог-модератор» біліктілік санаты:

- Президенттің кадр резервіне кірген немесе ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы дәрежесі бар тұлғаларға;
- барлық деңгейдегі Nazarbayev University түлектеріне (бакалавриат, магистратура, докторантура);
- «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқыған және тағылымдамадан өткен тұлғаларға;
- қолданыстағы Сэлта CELTA сертификаты (сертификейт ин англиш лэнгуиж тичинг ту адалтс. Кембридж Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) пас энд эбав Pass and above) және қолданыстағы Дэлта DELTA сертификаты (диплом ин инглш лэнгуидж тичинг ту адалтс Diploma in English Language Teaching to Adults) пас энд эбав Pass and above) бар шет тілі педагогтеріне;
- білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беруді басқару органдарынан, біліктілікті арттыру институттарынан, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан білім беру ұйымдарына ауысқан тұлғаларға аттестаттау рәсімінен өтпей беріледі.

«Педагог-модератор» біліктілік санатын беруді педагогтің өтініші негізінде білім беру ұйымының аттестаттау комиссиясы жүргізеді. Комиссия отырысы өтініш келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде өткізіледі. Комиссия шешімінің негізінде білім беру ұйымының бірінші басшысы **бес жұмыс күні ішінде** «педагог-модератор» біліктілік санатын беру туралы бұйрық шығарады.

Кейінгі аттестаттау Қағидаларда анықталған тәртіппен жүргізіледі.

➤ Бір жыл өткеннен кейін «педагог-тағылымдамашыға» бірінші басшының бұйрығымен аттестаттау рәсімінен өтпей **«педагог»** санаты беріледі.

➤ Педагогтердің, әдіскерлердің, басшы орынбасарларының біліктілік санатының қолданылу мерзімі – **5 (бес) жыл**, басшылардың - **3 (үш) жыл**.

➤ ПББ күшін жойған және материалдарда (портфолиода) дәйексіз деректерді ұсынған кезде біліктілік санатын **бір деңгейге төмендету**, қайталап бұзған кезде **«педагог»** санатына дейін төмендету көзделеді;

ПББ өткізу қағидаларын бұзу деректері қайта анықталған жағдайда педагог, бөлімнің басшысы (меңгерушісі), әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері, білім беру ұйымы, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) басшысының орынбасары – бес жылға, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) басшысы – үш жылға аттестаттаудан өтуге жіберілмейді, бұл ретте біліктілік санаты Комиссияның шешімі бойынша «педагог», «басшы», «басшының орынбасары» санаттарына дейін төмендейді. Біліктілік санатын беруге (растауға) кейінгі аттестаттау бұйрықта анықталған тәртіппен бірізділік қағидатына сәйкес жүргізіледі.

➤ Педагогті басшы, басшының орынбасары лауазымына тағайындаған кезде немесе керісінше біліктілік санаты теңестіріледі:

- «педагог-сарапшы» - «үшінші санаттағы басшы/ басшының орынбасары»;

- «педагог-зерттеуші» - «екінші санаттағы басшы/ басшының орынбасары»;

- «педагог-шебер» - «бірінші санаттағы басшы/басшының орынбасары».

➤ Бірінші басшы білім беру ұйымы басшысының орынбасары лауазымына және керісінше ауысқан кезде басшының (басшының орынбасарының) қолданыстағы біліктілік санаты келесідей лауазымдар бойынша біліктілік санаттары шеңберінде оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады:

- «бірінші санатты басшы» - «бірінші санаттағы басшының орынбасары»;

- «екінші санаттағы басшы» - «екінші санаттағы басшының орынбасары»;

- «үшінші санаттағы басшы» - «үшінші санаттағы басшының орынбасары».

➤ Білім беру ұйымы басшысының/басшысының орынбасары лауазымына аттестаттау рәсімінен өтпей тағайындалған кезде тиісінше «бірінші санаттағы басшы / басшының орынбасары» санаты беріледі:

- білім берудегі өзгерістер көшбасшыларын іріктеу және даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өткен және Кадр резервіне енген педагогтерге;

- білім беруді басқару органдарынан, білім беру саласындағы уәкілетті органнан білім беру ұйымына ауысатын және мемлекеттік қызмет лауазымдарында кемінде 5 (бес) жыл жұмыс өтілі барларға.

«Бірінші санаттағы басшы», «бірінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік санатын беруді педагогтің өтініші негізінде облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органының комиссиясы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган (*білім беру ұйымдары, ведомстволық бағыныстағы әдістемелік кабинеттер (орталықтар), салалық мемлекеттік орган ұйымдары үшін*) жүргізеді. Комиссия отырысы өтініш келіп түскен күннен бастап **он жұмыс күні ішінде** өткізіледі. Комиссия шешімінің негізінде тиісті деңгейдің бірінші басшысы **бес жұмыс күні ішінде** «бірінші санаттағы басшы», «бірінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік санатын беру туралы бұйрық шығарады. *Кейінгі аттестаттау Қағидаларда анықталған тәртіппен жүргізіледі.*

КЛЮЧЕВЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ В ПРИКАЗ №83 «ПРАВИЛА И УСЛОВИЯ АТТЕСТАЦИИ»:

➤ Педагоги проходят процедуру аттестации:

1) через национальную платформу непрерывного профессионального развития педагога «Устаз» - «педагог-модератор», «педагог-эксперт»;

2) через веб-портал электронного правительства – педагоги остальных категорий.

➤ Оценка знаний педагогов (далее – ОЗП) проводится по предметным компетенциям (*предметные знания – 50 заданий*).

➤ Срок действия квалификационной категории педагога приостанавливается и сохраняется на срок не более двух лет после выхода на работу в следующих случаях:

- временной нетрудоспособности при наличии заболеваний, включенных в Перечень социально значимых заболеваний и заболеваний, представляющих опасность для окружающих, утвержденный уполномоченным органом в сфере здравоохранения;

- отпуска по беременности и родам, отпуска по уходу за ребенком, включая педагогов, усыновивших (удочеривших) новорожденного ребенка (детей), до достижения ребенком возраста трех лет;

- получения послевузовского образования или прохождения стажировки по специальности с отрывом от производства;

- прохождения воинской службы.

➤ Срок действия квалификационной категории сохраняется на срок не более двух лет при переходе педагога:

- в другую организацию образования;

- в организацию образования из уполномоченного органа в области образования, органов управления образованием, методических кабинетов (центров) или организаций повышения квалификации педагогов.

❖ *После выхода на работу педагог подает заявление о сохранении квалификационной категории с приложением соответствующих документов. На основании заявления педагога первый руководитель организации образования в течение пяти рабочих дней с даты поступления заявления издает приказ о сохранении квалификационной категории.*

➤ Педагоги всех должностей освобождаются от сдачи ОЗП и проходят комплексное обобщение результатов деятельности в следующих случаях:

1) при подтверждении ранее присвоенной квалификационной категории по действующей системе педагогами, имеющими педагогический стаж 30 (тридцать) и более лет;

2) при переходе на категорию «педагог-модератор» педагогами, имеющими «первую» или «высшую» категории;

3) при подтверждении категорий «педагог-исследователь» и «педагог-мастер» не более двух раз.

Присвоения квалификационной категории «педагог-модератор»:

- лицам, вошедшим в Президентский кадровый резерв или имеющим степень кандидата/доктора наук или доктора PhD;

- выпускникам Nazarbayev University всех уровней (бакалавриат, магистратура, докторантура);

- лицам, обучившимся или прошедшим стажировку в зарубежных организациях высшего и послевузовского образования по программе «Болашак»;

- педагогам иностранных языков, имеющим сертификат Сэлта CELTA (сертификат инглиш лэнгуиж тичинг то адалтс. Кембридж Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) пасэндэбав Pass and above) или имеющим сертификат Дэлта DELTA (диплом ин инглш лэнгуидж тичинг ту адалтс Diploma in English Language Teaching to Adults) пас энд эбав Pass and above);

- лицам, перешедшим в организации образования из органа управления образованием, уполномоченного органа в области образования, организации повышения квалификации, организации высшего и послевузовского образования.

Присвоение квалификационной категории «педагог-модератор» производится аттестационной комиссией организации образования на основании заявления педагога. Заседание Комиссии проводится в течение **десяти рабочих дней** с даты поступления заявления. На основании решения Комиссии первый руководитель организации образования в течение **пяти рабочих дней** издает приказ о присвоении квалификационной категории «педагог-модератор».

Последующая аттестация проводится в порядке, определенном Правилами.

➤ По истечении одного года «педагогу-стажеру» приказом первого руководителя присваивается категория «педагог» без прохождения процедуры аттестации.

➤ Срок действия квалификационной категории педагогов, методистов, заместителей руководителя – **5 (пять) лет**, первых руководителей – **3 (три) года**.

➤ При аннулировании ОЗП и предоставления недостоверных данных в материалах (портфолио), предусматривается **снижение квалификационной категории на один уровень**, при повторном нарушении до категории «педагог»;

При повторном установлении факта нарушения правил проведения ОЗП, по решению Комиссии, присваивается квалификационная категория: педагогу, руководителю (заведующему) отделом (отделением, сектором, частью), методисту методического кабинета (центра) – «педагог», заместителю руководителя организации образования, методического кабинета (центра) – «заместитель руководителя» сроком на пять лет, первому руководителю организации образования, методического кабинета (центра) – «руководитель» сроком на три года. Последующая аттестация проводится на присвоение квалификационной категории в соответствии с принципом последовательности в порядке, определяемом Правилами.

➤ При назначении педагога на должность руководителя, заместителя руководителя или наоборот квалификационная категория приравнивается:

- «педагог-эксперт» - «руководитель/ заместитель руководителя третьей категории»;

- «педагог-исследователь» - «руководитель/ заместитель руководителя второй категории»;

- «педагог-мастер» - «руководитель/заместитель руководителя первой категории».

➤ При переходе первого руководителя на должность заместителя руководителя организации образования или наоборот действующая квалификационная категория руководителя, (заместителя руководителя) сохраняется до завершения срока действия в рамках квалификационных категорий:

- «руководитель первой категории» - «заместитель руководителя первой категории»;

- «руководитель второй категории» - «заместитель руководителя второй категории»;

- «руководитель третьей категории» - «заместитель руководителя третьей категории».

➤ При назначении на должность руководителя или заместителя руководителя организации образования, по решению Комиссии

соответствующего уровня, присваивается квалификационная категория без прохождения процедуры аттестации «руководитель первой категории», «заместитель руководителя первой категории»:

- педагогам, прошедшим обучение по программе отбора и подготовки лидеров изменений в образовании и вошедших в кадровый резерв;
- лицам, имеющим высшее педагогическое образование, переходящим в организацию образования из органов управления образованием, уполномоченного органа в области образования и имеющим стаж работы не менее 5 (пяти) лет на должностях государственной службы.

Присвоение квалификационной категории «руководитель первой категории»,

«заместитель руководителя первой категории» производится Комиссией органа управления образованием областей, городов республиканского значения или уполномоченным органом в области образования (*для организаций образования, методических кабинетов (центров), находящихся в ведомственном подчинении, организаций отраслевого государственного органа*) на основании заявления педагога. Заседание Комиссии проводится в течение десяти рабочих дней с даты поступления заявления. На основании решения Комиссии первый руководитель соответствующего уровня в течение пяти рабочих дней издает приказ о присвоении квалификационной категории «руководитель первой категории», «заместитель руководителя первой категории». *Последующая аттестация проводится в порядке, определенном Правилами.*